

Айырбас пунктін ашу тәртібі және есебін ұйымдастыру.

Қолма-қол шетел валютасындағы айырбас операцияларын уәкілетті ұйымдар, оның ішінде қолма-қол шетел валютасында айырбас операцияларын ұйымдастыруға Ұлттық банк лицензиясы берілген банктер жүзеге асыра алады. Операцияны жүзеге асыруға лицензиясы бар уәкілетті банк банк орналасқан жерде немесе одан тыс жерде айырбас орындарын ашуына болады. Айырбас орындарын ашу кезінде Ұлттық банк филиалдарына тіркеу қажет және тіркеу куәлігі берілу қажет.

Айырбас орындары валюталық айырбас операцияларының келесі түрлерін жүзеге асыра алады:

- қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату;
- шетел валютасындағы төлем құжаттарын сатып алу және сату;
- қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын инкассолау үшін қабылдау;
- шын екендігіне күмән тудыратын шетел мелекеттерінің ақша белгілерін және шетел валютасындағы төлем құжаттарын сараптаудан өткізу үшін қабылдау;
- банктердегі жеке тұлғалардың шотына есептеу үшін кредиттік және дебеттік карталар бойынша есеп айырысу үшін қызмет ететін қолма-қол шетел валютасын қабылдау және оларды беру;
- бір мемлекеттің валютасын екінші мемлекеттің валютасына айырбастау;
- шетел мемлекетінің төлемсіз ақша белгісін сол шетел мемлекетінің төлемді ақша белгісіне айырбастау.

Уәкілетті банк айырбас орнында валюта-айырбас операциясының барлық немесе кейбіреуін ғана жүргізе алады.

Айырбас орындары уәкілетті банк басқарушысының жазбаша өкімі негізінде бекітілген сатып алу, сату бағамы және кросс-бағамына сәйкес сатып алу, сату және айырбас операцияларын жүргізеді. Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын бір жолғы сатып алу тіркеу журналына тіркеледі (9-қосымша). 200 және одан жоғары АҚШ долларындағы сомадағы шетел валютасын сатып алу және сату кезінде міндетті түрде қатаң есептеме бланкісінде анықтама-сертификат (10-қосымша) толтырылады. Айта кететін жәйт, клиент өтініші бойынша анықтама-сертификаты алынған және сатылған шетел валютасындағы сомаға байланыссыз жазылады. Анықтама-сертификатының бір бланкісінде тек бір валюта-айырбас операциясы ғана жазылуы мүмкін.

Анықтама-сертификат жеке тұлғаның қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын сатып алғандығын растау үшін қызмет етеді, сондай-ақ жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы нан қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын шетке шығару үшін негіз болып табылады.

Айырбас орнының жұмысы басталғанға дейін банк айырбас орнының кассирін қолма-қол теңге және шетел валютасымен, сонымен бірге валюта-айырбастау операциясын рәсімдеу үшін қажетті төлем құжаттарының бланкілерімен қамтамасыз етеді. Әрбір айырбас орындарына банк бір күн ішіндегі жұмысты қамтамасыз ететін қолма-қол теңге және шетел валютасында аванс көлемін белгілейді. Аванс көлемі айырбас орнының жұмысы бойынша міндетті тұлға қолы қойылған аванстық өтінішпен белгіленеді (11-қосымша).

Авансты қолма-қол теңге және шетел валютасында беру шығыс кассалық ордер бойынша жүргізіледі. Қолма-қол шетел валютасында аванс беру, шығыс ордері авансты беру күніне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша есептелген валютаның әрбір түрі бойынша атаулы сомасын көрсете отырып жазылады. Қолма-қол теңгедегі авансқа бөлек шығыс ордері толтырылады. Егер айырбас орнының кассиріне құндылықтарды беру инкассатор арқылы немесе кассирге өтініш негізінде жүргізілсе егер ол құндылықтарды банк кассасынан алатын болса шығыс ордерлері банк бухгалтериясы арқылы беріледі. Олар үш данада шығарылады, авансты берген және авансты алған банк кассирі (айырбас орнының инкассаторы немесе кассирі) толтырады.

Шығыс ордерлерінің бірінші данасы банк кассирінде қалады. Екінші данасы авансты бергеннен кейін есепте операцияны көрсету үшін банк бухгалтериясына жіберіледі, үшіншісі - айырбас орнына жіберіледі, онда кассир күн құжаттарына тіркеп, одан кейін операциялық күн соңында банк бухгалтериясына өткізіледі. Күнделікті алынған, сатылған, сатып алынған және еткізілген валюта бойынша айырбас орнының қызметкері аванстық есеп-қисап жасайды (12-қосымша).

Қолма-қол шетел валютасын төлем құжатын сатып-алу және сату бойынша операцияны жүргізу кезінде айырбас орындары салық органдарында тіркелген ресми жаднамасы бар компьютерді пайдалануы қажет.

Егер Ұлттық банк қандай да бір шетел валютасын пайдалануға шек қойған жағдайдан басқа уақытта айырбас орындары шетел валютасын олардың құны және шығарылған жылы бойынша сатып алуға, сату немесе айырбастауға қандай да бір шек қоюға құқылы.

Ескі банкноттарды сатып алу, айырбастау және ұсақтау тек уәкілетті банктер арқылы жүзеге асырылады. Ескі банкноттарды

жаңа банкнотқа айырбастау бойынша комиссиялық сыйақы өз еркімен қойылады, бірақ айырбасқа ұсынылатын соманың екі пайызынан аспау керек.

Ескі разрядына олардың шын екендігіне күмән тудырмайтын өзінің толық өлшемінің және белгісінің (олардың атауын көрсететін жазбаша және сандық) 70% пайызын сақтаған және шамалы банкноттар жатады, сонымен бірге келесілер де жатады:

- бүлінген, бөлек жазулары, дақтары, мөр іздері алғашқы түсін жоғалтқан банкноттар;
- бір банкнотқа жататын жыртылған және жабыстырған, бұрыштары, жиектері жоғалған, тесіктері бар банкноттар;
- тозған банкноттар;
- қорғаныс жібі жоқ банкноттар.

Жоғарыда көрсетілген зақымдануға сәйкес сатып алуға, сатуға және айырбастауға жатпайтын банкноттар иесінің келісімімен уәкілетті банк инкассоға алуға құқылы. Шетел валютасындағы төлем құжаттарымен қолма-қол шетел валютасын инкассоға қабылдау бойынша операциялар түбіртек берілетін клиент өтініші негізінде жүзеге асырылады. Инкассоға қабылданған валюта уәкілетті банк өз бетінше белгіленген, төмен жөнелтіліп топтамасын қалыптастыру үшін қажетті соманы жинақтау бойынша эмитент-банктерге (шетел банктері) жіберіледі.

Уәкілетті банктер ескі банкноттарды айырбастаудан эмитент-банктердің (шетел банктері) бас тартуы мүмкін екендігін клиенттерге ескерту қажет. Бұл жағдайда уәкілетті банктер клиенттерге сәйкес растама құжаттарын ұсынулары қажет. Уәкілетті банк инкассоланған шетел валютасы үшін шығындарды өтегеннен кейін ақша сомасын қолма-қол шетел валютасында немесе теңгеде төленуі мүмкін немесе заңдылықтарға сәйкес банктік шотқа аударылуы мүмкін.

Шетел мемлекетінің төлемсіз ақша белгісін төлемге айырбастауға болады, сонымен қатар айырбас орнының кассирі осы операцияны айырбас тізілімі арқылы жүзеге асырады. Шетел мемлекетінің төлемсіз ақша белгісіне сәйкес шетел банкіне инкассо үшін жіберіледі.

Егер айырбас орнының кассиріне ұсынылған шетел ақша белгілері олардың шын екендігіне күмән тудырылса немесе жасанды екендігі анықталса клиентке қайтарылмайды, оларды сараптаудан өткізуге алып қалады. Егер олардың шын екендігі анықталса, онда клиентке қайтарылуы немесе теңгедегі балама құны төленуі немесе сәйкес сома клиенттің банктегі шотына есептелуі мүмкін. Жарамсыз деп танылған шетел мемлекетінің ақша белгісі немесе шетел валютасындағы төлем құжаттары клиентке қайтарылмайды және ішкі істер органына тапсырылады.

Айырбас орындарының барлық операциялары банктің бухгалтерлік есебінде қай күні жасалды, сол күні көрсетілуі қажет. Айырбас орындарында жүргізілетін қолма-қол шетел валюталарын сатып алу және сату операциялары белгіленген нысан бойынша (13-қосымша) сатып алынған және сатылған шетел валютасы тізілімі журналында операцияны жүргізу кезінде көрсетіледі.

Тізілім журналында жөндеулер мен басқа да өзгертулер жасауға болмайды. Қате мәліметтерді сызып тастау қажет және кассирдің қолымен куәландырылған түзету жазбасы жасалады.

Тізілім журналы 30 парақтан кем болмау қажет. Журналды нөмірлеп, шнурлап, заңды тұлғаның және Ұлттық банктің филиалының мөрімен бекіту қажет және уәкілетті банк басқарушысы мен бас бухгалтердің қолымен және Ұлттық банк филиалының басшысы немесе басшының орынбасарының қолымен расталуы керек. Уәкілетті банктер үш жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық банк филиалына тізілім журналының болжалды аяқталу мерзімі туралы және жаңа тізілім журналының ресімделуі үшін өтініш жасау керек. Уәкілетті банктер бір жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық банк филиалына келесі күннен ресімделуі үшін тізілім журналының аяқталуы туралы және оны сақтау мерзімі туралы белгі жасайтын аяқталған тізілім журналын ұсынуға міндетті. Аяқталған тізілім журналы уәкілетті банктерде олардың аяқталған күнінен бастап 5 жыл ішінде сақталады.

Уәкілетті банктердің айырбас орындары тізілім журналын элек-тронды түрде жүргізуге құқылы. Бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарын және журналды жүргізу тәртібін Ұлттық банк бекітеді.

Валюта-айырбас операциясының аналитикалық есебі әрбір қолма-қол шетел валютасының, шетел валютасындағы төлем құжатының, шетел мемлекетінің төлемді және төлемсіз ақша белгісі және шетел валютасындағы төлем құжатының түрі бойынша сондай-ақ әрбір айырбас орындары бойынша ашылатын дербес шоттарында жүргізіледі. Дербес шоттар кіріс және шығыс кассалық ордер, сондай-ақ тізілім негізінде жүргізіледі. Синтетикалық есеп құралдарына күнделікті баланстар, кассалық және бухгалтерлік журналдар, тексеру және айналым тізімдемесі жатады.

Жұмыс күнінің соңында айырбас орнының қызметкерлері сол күн ішіндегі операциялар бойынша нәтижелерді есептейді және келесі күнге қалдық шығарады. Күн ішінде тізілім журналында бағам өзгерген жағдайда жаңа бағам белгіленген уақытқа дейін сатып алынған және сатылған валюта көлемі бойынша аралық нәтиже жүргізіледі.

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін айырбас орнының қызметкері шетел валютасын және түсімді (14-қосымша) сатып алу (сату) туралды айырбас орнының күнделікті есеп беруін жасайды, валюталық және басқа да құндылықты есептейді, кассалық аппарат немесе компьютердің есептік құжат мәліметтерімен сәйкестігін салыстыруы және әрбір құндылықтары бар инкассаторлық сөмкеге үш данада жөнелтпе тізімдемесін жасайды, тізімдеменің бірінші данасын және онда көрсетілген құндылықтарды кассир инкассаторлық сөмкеге салады. Екінші данасы инкассаторлық сөмкеге жөнелтпе құжат ретінде жатқызылады және инкассатор кіріс кассалық және баланстан тыс ордерлерді рәсімдеу үшін банк бухгалтериясына жіберіледі. Жөнелтпе тізімдемесінің үшінші данасы айырбас орнындағы құжатта сақталады.

Айырбас орнының бухгалтерлік есебіндегі операциялар келесі жағдайда көрініс табады:

- Айырбас орнына теңге және шетел валютасында аванс ретінде берілген сомаға келесі жазба жасалады:

Дт 1003 «Айырбас орнындағы қолма-қол ақша»

Кт 1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

- Айырбас операцияларынан түскен түсім сомасына:

Дт 1859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ ұстанымының)»

2859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық қысқа ұстанымының)»

Кт 4530 «Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер»

- Банк шетел валютасын ресми бағамнан төлем бағамен сатқан кезде:

Дт 5530 «Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар»

1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

Кт 1859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы

құны (валюталық ұзақ позицияның)»

2859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық қысқа ұстанымының)»

• Валютаны ресми бағамнан төмен сатып алған кезде:

Дт 1858 «Банктің шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позициясы»

2858 «Банктің шетел валютасы бойынша валюталық ұзақ позициясы»

Кт 4530 «Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер»

1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

Жұмыс күні аяқталған бойдан қолма-қол қаражаттардың қалдығын банк инкассолаған кезде:

• егер айырбас орнының қайтарған шетел валютасындағы сома есепке берілген сомадан асып түссе:

Дт 1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

Кт 2858 «Банктің шетел валютасы бойынша валюталық ұзақ позициясы»

1003 «Айырбас орнындағы қолма-қол ақша»

• егер есепке берілген сома қайтарылған шетел валютасындағы сомадан асып түссе:

Дт 1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

1858 «Банктің шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позициясы»

Кт 1003 «Айырбас орнындағы қолма-қол ақша»¹

• Теңгеде өткізілген қалдық сомасы есепке берілген теңгедегі аванс сомасынан көп болса:

Дт 1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

1859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ ұстанымының)»

Кт 1003 «Айырбас орнындағы қолма-қол ақша»

• Теңгеде берілген аванс сомасы теңгеде өткізілген қалдық сомасынан асып түссе:

Дт 1001 «Кассадағы қолма-қол ақша»

Кт 2859 «Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық қысқа ұстанымының)»

1003 «Айырбас орнындағы қолма-қол ақша».